

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ

22 ақпан 2021 ж.

№: AIFC-C/CFI/2020/0010 3с

MODTECH GROUP TEKNOLOJI SISTEMLERI LTD

Талап қоюшы

және

MOSSTON ENGINEERING LTD

Бірінші Жауапкер

және

«ҚАЗТЕХНОЛОГИЯ» АҚ

Екінші Жауапкер

ШЕШІМ

Соттың Судьясы:

Судья Сэр Стивен Ричардс

БҰЙРЫҚ

1. **Талап қоюшының Бірінші және Екінші Жаупкерге қойған талаптары АХҚО Сотының юрисдикциясына жатпайтыны мәлімделеді.**
2. **Тиісінше, юрисдикция жоқ болғандықтан талап арыз қабылданбайды.**

ШЕШІМ

Кіріспе

1. АХҚО Сотына 2020 жылғы қарашада берілген талап арыз нысанында Талап Қоюшы Modtech Group Teknoloji Sistemleri Ltd («Modtech») (1) Бірінші Жауапкер - Mosston Engineering Ltd («Mosston») компаниясынан 5 100 000 (бес миллион жүз мың) АҚШ доллары мөлшеріндегі соманы және (2) Екінші Жауапкер – «Қазтехнология» АҚ-тан 1 600 000 (бір миллион алты жүз мың) АҚШ доллары мөлшеріндегі соманы талап етеді.
2. Осы шешім талап арыздың Соттың юрисдикциясына жататын-жатпайтыны туралы алдын ала мәселе бойынша төменде сипатталған мән-жайларда шығарылған шешім болып табылады.
3. Талап қою үшін негіз болған оқиғаларға төрт компания қатысады, атап айтқанда олар:
 - (1) Modtech – «Астана» халықаралық қаржы орталығында («АХҚО») тіркелген жеке компания.
 - (2) Mosston – Сейшель аралдарында 2005 жылғы маусымда тіркелген және Маршалл аралдарында 2016 жылғы шілдеде домицильдендірілген компания.
 - (3) «Қазтехнология» АҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген акционерлік қоғам болып табылады.
 - (4) Осы талқылауда тарап болып табылмағанымен, маңызды рөл атқаратын төртінші компания – ол Fameway Investments Ltd («Fameway»), кепілдік мемлекеттік мекеме.
4. Талаптар тауарларды сатып алу-сату жөніндегі екі шарт бойынша жасалған төлемдерге қатысты. Шарттар бойынша жеткізу жөніндегі міндеттемелерін сатушылардың орындамағаны немесе толық орындамағаны себепті төленген сомалар қайтарылуға жататыны мәлімделіп отыр. Сөз мына шарттар туралы болып отыр:
 - (1) сатушы ретіндегі «Қазтехнология» АҚ және сатып алушы ретіндегі Mosston арасындағы 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 7/15 келісімшарт («7/15 келісімшарт») «Қазтехнология» АҚ, Mosston және Fameway арасындағы түзетулер енгізу туралы сол күнгі келісіммен қоса, және
 - (2) сатушы ретіндегі Mosston және сатып алушы ретіндегі Fameway арасындағы 2015 жылғы 29 мамырдағы № 15/45 келісімшарт (15/45 келісімшарт).
5. Төменде түсіндірілгендей, келісімшарттың екеуі бойынша да төлемдерді сатушыға Fameway компаниясы жасаған және бұл төлемдерді өтеуге кез-келген құқық бастапқыда Modtech

компаниясына емес, Fameway компаниясына тиесілі болған (ол келісімшарттардың немесе төлемдердің тарапы болмаған). Алайда, Mosston-нан айырмашылығы, Modtech 2020 жылғы 27 тамызда Modtech пен Fameway арасында жасалған келісімшартқа («Талап ету құқығын басқаға беру шартына») сүйенеді, оған сәйкес Fameway компаниясынан 5,100,000 АҚШ доллары мөлшеріндегі өтелмеген берешекті талап ету құқығы Modtech компаниясына табысталған. Modtech компаниясының «Қазтехнология» АҚ-тан 1 600 000 АҚШ доллары сомасын өндіріп алу құқығына ұмтылуының негіздері онша айқын емес

Процессуалдық тарих

6. Modtech компаниясының талап арызының нысанында Mosston компаниясы мен «Қазтехнология» АҚ-қа қойылған талаптары көрсетілді және қойылған талаптардың сипатын анықтауға көмектескен бірқатар растаушы құжаттарға сілтемелер бар болды.
7. Mosston жауап ретінде қызметтердің көрсетілгеніне растау мен екі құжат ұсынды, бірақ талап қою бойынша Қарсылық берген жоқ және АХҚО Соты Қағидаларының 8-бөліміне сәйкес юрисдикцияны даулайтын арыз берген жоқ.
8. «Қазтехнология» АҚ талап қоюды юрисдикция мен мазмұны негізінде даулап, талап қою бойынша Қарсылық берді.
9. Modtech талап қоюға жауап берген жоқ.
10. Содан кейін мен істі жүргізу бойынша нұсқаудың жобасын шығарып, тараптардың жобаны қарауын және келісуін немесе істі сотқа беру мақсатында ұсынылған нұсқаулар бойынша арыздар беруін ұйғардым. Жобада юрисдикция мен істің мазмұнының негізгі мәселелері алдын ала тәртіпте анықталған абзац бар болды. Жауап ретінде Modtech юрисдикция мәселелері бойынша да, сонымен қатар мәні бойынша да құжаттар ұсынды және қолдау ретінде қосымша құжаттар берді, бірақ нұсқаулардың жобасына еш сілтеме жасаған жоқ. Mosston өз позициясын баяндады, оған сәйкес Сот дауды қарау үшін юрисдикцияға ие емес және АХҚО Сотының Қағидаларының 8.8 Қағидасына сәйкес бұл туралы Бұйрыққа сұрау салды (8-бөлімге сәйкес қандай да бір ресми өтініш берусіз), алайда нұсқаулардың жобасын өзге түрде қараған жоқ. «Қазтехнология» АҚ юрисдикция туралы өз өтінішін қайталады және оған талап қоюдың мәні бойынша қысқаша мәлімдеме қосты, бірақ нұсқаулар жобасының басқа тармақтарын қозғаған жоқ.
11. Тараптардың жауаптарынан шыға отырып, мен Mosston мен «Қазтехнология» АҚ-қа қарсы талап қоюға қатысты Соттың юрисдикциясы бар-жоқтығы туралы мәселе 2021 жылғы 16 ақпанда бейнебайланыс бойынша қаралатын алдын ала мәселе ретінде анықталуына өкім еттім. Мен егер талаптардың біріне немесе екеуіне де қатысты Соттың юрисдикциясы бар екендігі анықталса, мен талапты немесе талаптарды қарау үшін қосымша нұсқаулар шығарар едім деп көрсеттім.
12. Істі тыңдау, жоспарланғандай, 2021 жылғы 16 ақпанда өтіп, мен Modtech атынан Темір Ибраев мырзаның, Mosston атынан Руслан Кубраков мырзаның және «Қазтехнология» АҚ атынан Айжан Қаламбаева ханымның мақтарлықтай ықшам ауызша мәлімдемелерін тыңдап шықтым.

Фактілер тарихы

13. 2015 жылғы 2 сәуірдегі 7/15 келісімшарт бойынша «Қазтехнология» АҚ Mosston-ға келісімшартқа №1 қосымшада көрсетілген әр түрлі тауарларды (атап айтқанда, оқ-дәрілерді)

сатуға келісім берген. келісімшарттың жалпы бағасы 14 839 122,16 АҚШ долларын құрады. Төлем жасаудың талапшарттарына мыналар кірді:

«4.1 Келісімшарт бойынша төлем АҚШ долларымен келесі түрде жасалады:

4.1.1. Сатып алушы келісімшартқа қол қойылғаннан кейін 10 (он) күн ішінде 1 600 000 (бір миллион алты жүз мың АҚШ доллары) мөлшерінде алдын ала төлем жасауға міндетті.

4.1.2 Сатып алушы қалған соманы (алдын ала төлемді қоспағанда) тасымалдауға және Сатушының қоймасында қабылдауға лицензия алғаннан кейін, партияны тиердің алдында төлеуге міндетті.

Келісімшарттың «Заңнама және төрелік» деп аталатын бөлімінде «келісімшарттың талапшарттарымен байланысты туындаған даулардың барлығын Тараптар келіссөздер жолымен реттеуі тиіс (1.1 тармақ); «тараптар келісімге келе алмаған жағдайда, барлық даулар Халықаралық төрелік соттың Татуластыру және төрелік қағидаларына сәйкес реттелуі тиіс» (11.2 тармақ); «Төрелік шешім Тараптар үшін түпкілікті және міндетті болып табылады» (11.3 тармақ) деп көзделген. Келісімшарт БАӘ, Дубайда жасалған. Келісімшарт орыс тілінде жасалған: Сотқа нотариалды түрде куәландырылған ағылшын тіліне аудармасы ұсынылды.

14. № 7/15 келісімшартқа өзгерістер енгізу туралы, онда да 2015 жылғы 2 сәуір күні қойылған келісім («Өзгерістер енгізу туралы келісім») сатушы ретіндегі «Қазтехнология» АҚ, сатып алушы ретіндегі Mosston және «төлеуші» ретіндегі Fameway арасында жасалған. Онда барлық тараптардың 7/15 Келісімшарттың талапшарттары туралы хабарландырылғаны және бұл талапшарттарға келесі 4.1.3 тармағын қосуды келіскендігі жазылып көрсетілген:

«4.1.3. Сатып алушы аванстық төлемді және / немесе осы Шартта көрсетілген басқа төлемдерді жасау міндеттемесін жеке өзі де, сонымен қатар Fameway Investments Ltd. Төлем жасаушы Компаниясы арқылы да осы Келісімшартта көрсетілген талапшарттармен, Сатып алушыға дереу және міндетті түрде жазбаша хабарлаумен жүзеге асыруға құқылы.

Fameway Investments Ltd компаниясының алдын-ала төлем және / немесе одан арғы төлемдер бойынша міндеттемелерді нақты орындауы Сатып алушының қарызды төлеу бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындауы деп танылады.

Сатушы мен Сатып алушы Fameway Investments Ltd. компаниясынан алынған Сатушы алдындағы кез-келген төлем Сатушының алдындағы осы Келісімшарт шеңберіндегі ақшалай міндеттемелерді Сатып алушының орындауы және Сатып алушының Fameway Investments Ltd. компаниясы төлеген сома мөлшеріндегі берешекті Сатып алушының ерікті және саналы түрде табыстауы деп бағаланады (түсініледі) деп келісімге келді.

Төлем жасаушы Сатушының шотына 1 600 000 АҚШ доллары мөлшерінде аванстық

төлем жасайды. Fameway Investments Ltd. компаниясы осы Келісімшарт бойынша аванстық төлем мен басқа да төлемдерді жасаған жағдайда, сатып алуға жұмсалған шығындарды төлеумен байланысты барлық шығыстарды, барлық банктік комиссияларды қоса, «Fameway Investments Ltd.» компаниясы көтереді.

15. Талап арыз нысанында баяндалған даудың мәнісі талап қоюшы, яғни Modtech компаниясының өзі, 7/15 Келісімшартының 4.1.1. тармағына сәйкес «Қазтехнология» АҚ-қа төлеуге жататын 1, 600, 000 АҚШ доллары мөлшерінде аванстық төлем жасағанында болып табылады. Талап арыз нысанында Mosston төлем жасауға міндетті тарап болғанмен, Mosston-ның оны жасайтын ресурстары жоқ болған, сондықтан төлемді Mosston атынан Modtech жасаған деп көрсетілген. Одан әрі қарай, тауарлар қоймадағы өрт салдарынан жойылып кеткендіктен, келісімшарттың талапшарттары орындалмағаны, бұның аванстық төлемді өндіріп алу үшін негіз болып табылатыны мәлімделеді. Алайда, бұл даудың қалай аргументтелетініне қарамастан, шындығында Modtech дауының мәнісі «Қазтехнология» АҚ пайдасына жасалған 1,600,000 АҚШ доллары мөлшеріндегі аванстық төлемді Түзетулер енгізу туралы келісіммен 7/15 келісімшартқа енгізілген 4.1.3 тармаққа сәйкес Fameway компаниясы жасағаны және тауарларды жеткізіп бермегені үшін бұл соманы өндіріп алу құқығы бастапқыда Fameway компаниясында, бірақ енді Modtech компаниясына тиесілі екендігінде болып табылады. Тыңдау кезінде Ибраев мырза бұл Modtech компаниясының дауы екенін растады; және Сотқа Modtech компаниясы ұсынған растау құжаттарының құрамында қаражат аудару туралы өтініш бар, ол Fameway компаниясының «Қазтехнология» АҚ-қа 2015 жылғы 10 сәуірде 1,600,000 АҚШ долларын аударғанын растайды.
16. Modtech компаниясының 1,600,000 АҚШ долларын өндіріп алуға құқығын «Қазтехнология» АҚ даулап отыр. Нақты проблемалар бар: мысалы, мен зерделеген шектеулі материалдың негізінде, 1,600,000 АҚШ доллары мөлшеріндегі аванстық төлем төленген тауарларды Mosston шынымен жеткізген және кез келген жеткізбеу тек кейбір кешірек партиялармен ғана байланысты болуы маған мүмкін болып көрінеді. Бірақ елеулі заңгерлік мәселелер де бар. Modtech-тің «Қазтехнология» АҚ-тан өндіріп алу мақсатында Fameway-дің орнын алуға ұмтылуы маған түсініксіз: Modtech Талап ету құқығын басқаға беру шартына тікелей сүйенбейді, өйткені ол, мәлімделгеніндей, Fameway пайдасына Mosston төлеуі тиіс болған өтелмеген борышқа ғана қатысты. Меніңше, туындайтын қосымша сұрақтар өзгертілген 7/15 келісімшартының, соның ішінде 4.1.3 тармағын, ескере отырып, қарастырылып отырған аванстық төлемді, оны іс жүзінде Fameway жасағанымен, Mosston атына жасалған деп қарау керек бола ма, егер болса, онда Fameway компаниясы өзінің аванстық төлемдер бойынша шығыстарын Mosston-нан өндіріп алуға бөлек құқығы болған кезде, «Қазтехнология» АҚ-тан төлемді өндіріп алуға қандай да болмасын құқық Fameway компаниясына емес, Mosston компаниясына тиесілі бола ма. Мен бұл тұстарды Modtech пен «Қазтехнология» АҚ арасындағы даудың ықтималды ауқымын белгілеу үшін еске салып отырмын.
17. Екінші тиісті сатып алу-сату шарты – ол 2015 жылғы 29 мамырдағы 15/45 келісімшарт, оған сәйкес Mosston компаниясы келісімшарттың №1 қосымшасында тізілген тауарларды (тағы да оқ-дәрілер, бірақ 7/15 шартта көрсетілген тауарлармен аз ғана шамада сәйкес келеді) Fameway компаниясына сатуға келіскен. Келісімшарттың жалпы сомасы 17,930,000 АҚШ доллары. Төлем жасау шарттары мынадай болған:

«4.1.1. Сатып алушы Келісімшарттың барлық сомасының 20 (жиырма) пайызы мөлшеріндегі 3 586 000 (үш миллион бес жүз сексен алты мың) АҚШ долларын

құрайтын аванстық төлемді Келісімшартқа қол қойылған кейінгі 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде ғана жасайды.

4.1.2. Осыдан кейін, 2015 жылғы 15 маусымға дейін Сатып алушы 3 586 000 (үш миллион бес жүз сексен алты мың АҚШ доллары) мөлшерінде төлем жасауы тиіс, бұл Шарттың жалпы сомасының (20) пайызын құрайды.

4.1.3. 10 758 000 (он миллион жеті жүз елу сегіз мың) АҚШ долларын құрайтын Келісімшарттың жалпы сомасының қалған 60%-ын Сатып алушы Сатушының шотына экспорттық лицензияны бергеннен кейін аударады».

Сонымен қатар Келісімшартта Дубай, Біріккен Араб Әмірліктері, келісімшарт жасалған жер деп саналатыны және келісімшарт екі нұсқада, орыс және ағылшын тілдерінде жасалғандығы көрсетілген: екі нұсқа да бірдей заңды күшке ие болуы, бірақ сәйкес келмеген жағдайда, ағылшын тіліндегі нұсқа басым күшке ие болуы тиіс болатын. Дауларды қалай шешуге болатындығы туралы ескертпе немесе басқа ережелер болған жоқ.

18. Талап арыз түрінде баяндалған даудың мәнісі мынада: талапкер, яғни Modtech компаниясы, Mosston компаниясымен келісімшартқа отырған және келісімшарт бойынша төлемдер жасаған, оларды ол Mosston компаниясынан өндіріп алуға құқылы.

Алайда, Ибраев мырза сот отырысында Modtech компаниясының осы дауы компанияның мәмілеге қандай да бір бастапқы қатысуына байланысты емес, Fameway алдындағы Mosston борышының оған кейіннен берілуіне негізделетінін растады. Шын мәнінде, (i) Fameway компаниясы 15/45 келісімшартының тарабы болғаны және ол бойынша төлемер жасағаны; (ii) Mosston өзінің тауарлар жеткізу бойынша міндеттемесін орындамағаны, осының нәтижесінде Fameway жасалған төлемдерді өндіріп алуға Fameway компаниясының құқығы болғандығы; (iii) Mosston компаниясының Fameway алдындағы берешегінің сомасы 2020 жылғы 27 тамыздағы жағдай бойыша 5,100,000 АҚШ долларын құрайтыны; (iv) бұл борышты өндіріп алу құқығын Fameway компаниясы Modtech компаниясына Талап ету құқығын басқаға беру шартына сәйкес бергені мәлімделеді.

19. Mosston талап қою бойынша Қарсылық бермегенімен, істі тыңдау кезіне Кубраков мырза Mosston компаниясы Fameway пайдасына 5,100,000 АҚШ доллары мөлшеріндегі болжамды борышты даулап отырғанын растады. Талап ету құқығын басқаға беру шартында бұл соманың қалай есептелгені - түсініксіз: шартқа «Салыстырып тексеру туралы есеп» қоса тіркелген, онда біржақты жауап жоқ. Бұл мәселе юрисдикция мәселесін алдын-ала қарау мақсатында шешімді талап етпейді, бірақ оны біршама қарау тараптар арасындағы даудың ауқымын түсіну үшін маңызды. Осы себепті, Талап ету құқығын басқаға беру шартының талапшарттарын баяндамас бұрын, төменде мен Соттағы тиісті материалдарға сілтеме жасаймын.

20. Fameway-дің Mosston компаниясына жалпы сомасы 9 887 000 АҚШ долларын құрайтын төлем жасағанын Modtech-тің талап арыз нысанында берілген банктік аударымдар туралы үзінді көшірмелер растайды, онда төлемдердің мына күндері жасалғаны көрсетілген: 2015 жылдың 2 маусымында 3 586 000 АҚШ доллары (15/45 келісімшарттың 4.1.1 тармағына сәйкес төлеуге жататын аванстық төлем).); 2015 жылғы 5 маусым - 3,586,000 АҚШ доллары мөлшеріндегі келесі төлем (4.1.2 тармағына сәйкес төлеуге тиесілі сома); және 2015 жылғы 21 тамызда жасалған 1 000 000 АҚШ доллары және 2015 жылғы 24 қыркүйекте жасалған 1 715 000 АҚШ доллары мөлшеріндегі келесі төлемдер.

21. Mosston ұсынған құжаттардың бірі - Mosston, Fameway және бұл процеске тікелей қатысы жоқ болгариялық компания Aheloy OPM OOD арасындағы «Өзара есепке алу туралы келісім». Құжат ағылшын тілінде, 2016 жылдың 26 мамырында жасалған. Онда мыналар қарастырылған:

«Aheloy OPM OOD қорғаныстық мақсаттағы өнім жеткізгені үшін Alguns EOOD / Fameway Investments Ltd компаниясына жалпы сомасы 6 019 010,00 АҚШ доллары сомасына аванс төледі.

Жоғарыда аталған сома Fameway Investments Ltd компаниясының Mosston Engineering LTD пайдасына жасаған төлемдерінен шегеріледі және № АН / МЕ / 12/2015 келісімшартына және № АН / МЕ / 13/2015 келісімшартына аударылатын болады.

Осы келісім бойынша, Alguns EOOD / Fameway Investments Ltd компаниясының аванстық төлемдер алынған жеткізілімдері бойынша Aheloy OPM OOD алдындағы барлық міндеттемелері тоқтатылады.

Осы келісіммен 6,019,000 АҚШ доллары көлеміндегі Fameway Investments-тің аванстық төлемдерін қайтару жөніндегі Mosston Engineering LTD компаниясының барлық міндеттемелері тоқтатылады.

Aheloy OPM OOD компаниясы жоғарыда аталған екі келісімшарт бойынша және екі компания арасындағы іскерлік қатынастарға сәйкес Mosston Engineering LTD компаниясына толық соманы төлеуге міндетті».

22. Небәрі екі аптадан кейін, 2016 жылы 8 маусымда Mosston директоры ретінде Давид Галстян келесі жазбаны жасаған, шамасы, Fameway компаниясының менеджері Роберт Одобасич атына болуы керек:

«Роберт,

Сіздердің тараптан аударым сомасы мыналарды құрайды:

- 1) 11 487 000 АҚШ доллары және 200 000 АҚШ доллары, жалпы сомасы 11 687 000 АҚШ долларын құрайды
- 2) Aheloy OPM-мен цессия 6,019,010 АҚШ долларын құрайды
- 3) С-8 КОМ зымырандарын жеткізуге арналған келісімшарттың сомасы 4,655,200 АҚШ долларын құрайды
- 4) сонымен қатар 500,000 АҚШ доллары – бұл сіздердің тараптан EUC ұсыну мерзімінің өтіп кеткені үшін сома.

Қазіргі мезеттегі борыш 512,790 АҚШ долларын құрайды.

Қазіргі сәттегі жағдай осындай.

Сіз қандай 2 млн жөнінде айтып отырғаныңызды мен білмеймін.

Қалған 512,790 доллар Сауд Арабиясынан S-8 КОМ және DVC үшін ИС ұсынылғаннан кейін аударылады».

Бұл ескертпе 15/45 Келісімшарттың соңғы бетінің көшірмесінде пайда болды, бірақ онда осы келісімшарт жасалған күннен кейінгі күн көрсетілген және келісімшарт шеңберінен тыс екендігі анық мәселелерге қатысты. Құжаттың өзін Modtech компаниясы Талап ету құқығын басқаға беру шартымен бірге ұсынған және осы шарттың 1.1-тармағында көрсетілген Салыстырып тексеру туралы есеп болып табылатын сияқты (төменде қараңыз).

23. Бұл мені Талап ету құқығын басқаға беру шартының өзінің талапшарттарына әкеледі. Шарттың орыс тілінде жасалғандығы мәлімделген: Сотқа ағылшын тіліне аудармасы ұсынылған. Шарт «Талап ету құқығын басқаға беру туралы № 01-270820 келісім», «Нұр-Сұлтан» деп аталады, 2020 жылғы 27 тамыз күні қойылған және цессионарий ретіндегі Modtech пен цедент ретіндегі Fatemaway арасында жасалған. Онда былай делінген.

- «1.1. ... Келісімшартқа №1 Қосымша ретіндегі 29.05.2016 ж. Салыстырып тексеру туралы есеп бойынша ... бұдан әрі Бұрышкер деп аталатын Mosston Engineering Ltd компаниясының Цедент алдында 5 100 000 (бес миллион жүз мың АҚШ доллары) сомасында өтелмеген қарызы бар; Цедент Цессионарийге 5,100,000 (бес миллион жүз мың АҚШ доллары) мөлшеріндегі ақшалай талап етуді табыстайды, ал Цессионарий осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 3 (үш) күн ішінде басқаға беру құқығын қабылдауға міндетті
- 1.2. Бұрышкерден 5,100,000 (бес миллион жүз мың) АҚШ доллары мөлшеріндегі соманы талап ету құқығы Тараптардың уәкілетті өкілдері Шартқа қол қоюы кезінде Цессионарийге ауысады.
- 1.3. Шарттың 1.1-тармағында көрсетілген талап ету құқығы Цессионарийге Шартқа қол қойылған күні бар болған талапшарттармен, 1.1-тармақта көрсетілген сома шегінде табысталады.
- 1.4. Сонымен бірге, Тараптар олардың осы шарт шеңберінде қабылдайтын барлық іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына және «Астана» халықаралық қаржы орталығының құқығына сәйкес келетіндігін мәлімдейді және кепілдендіреді.
- 1.5. Цедент осы Келісімшарт бойынша берілген талап ету жарамды және бұрын үшінші тұлғаға берілмегендігін мәлімдейді және берілген міндеттеменің жарамсыздығы үшін жауап береді.
- 1.6. Осы Шарт бойынша Тараптар қабылдаған міндеттемелер олар бухгалтерлік есепке алу регистрлеріне жазылған сәттен бастап орындалды деп санала алады.
- 1.7. Осы Шарт барлық Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және ол орындалған сәтке дейін қолданылады.
- 1.8. Осы Шартқа енгізілмеген барлық басқа мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және «Астана» халықаралық қаржы орталығының құқығын басшылыққа алады».

24. Егер Талап ету құқығын басқаға беру туралы шарттың 1.1-тармағында аталған 15/45 29.05.2015 ж. Салыстырып тексеру туралы есеп шынымен де жоғарыда сипатталған, Mosston компаниясынан Галстян мырза Fatemaway компаниясындағы Одобасич мырзаға жазған деп болжанып отырған 2016 жылғы 8 маусымдағы құжат болса, онда бұдан 5,100,000 АҚШ доллары өтелмеген қарыз түрінде қалай алынғаны түсініксіз және бұл цифр басқаша

түсіндірілмеген.

Юрисдикция

25. АХҚО Сотының юрисдикциясы «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 13-бабында белгіленген (2015 ж. 7 желтоқсандағы № 438-V ҚР Конституциялық Заңы, кейін енгізілген өзгертулерімен):

«4. АХҚО Соты ... қатысты ерекше юрисдикцияға ие:

- 1) Орталық қатысушылары, Орталық органдары және (немесе) олардың шетелдік қызметкерлері арасында туындаған дауларды қарау және шешу;
- 2) Орталықта жүзеге асырылған және Орталық құқығына бағынатын кез-келген операцияға қатысты дауларды қарау және шешу;
- 3) тараптардың келісімі бойынша Орталық сотына жіберілген дауларды қарау және шешу

...

10. Орталық Соты актілердің нормаларын түсіндіру бойынша ерекше құзыретке ие.»

26. Аталған Конституциялық Заңның 1 (5) бабында «АХҚО қатысушыларын» «Орталықтың қолданыстағы заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлғалар, сондай-ақ Орталықпен аккредиттелген басқа да заңды тұлғалар» ретінде анықтайды. 4.1-бапқа сәйкес, «қолданыстағы АХҚО заңы» Конституциялық Заңның өзінен, Орталықтың Конституциялық Заңға қайшы келмейтін актілерінен және «осы Конституциялық заңмен және Орталықтың актілерімен реттелмеген бөлігінде қолданылатын Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығынан тұрады».

27. АХҚО Конституциялық Заңының 13-бабының тиісті ережелері (1) АХҚО Сотының регламентінің 26-бабында көрсетілген (АХҚО Басқару жөніндегі кеңесінің 2017 жылғы 5 желтоқсандағы қаулысы):

«Сот мыналарға қатысты Конституциялық Заңның 13-бабында көзделген ерекше юрисдикцияға ие:

- (a) АХҚО қатысушылары, органдары және (немесе) олардың шетелдік қызметкерлері арасында туындаған кез келген даулар;
- (b) АХҚО-да жүзеге асырылған және АХҚО құқығына бағынатын кез-келген операцияға қатысты даулар;
- (c) Сотқа тараптардың келісімімен берілген кез келген даулар; сонымен қатар
- (d) АХҚО актілерінің нормаларын түсіндіру».

28. Регламенттің 26 (2) бабында аталған тараптар арасындағы «дауларға» сілтеме мәмілелер, келісімшарттар, келісімдер немесе басқалар немесе инциденттер нәтижелерінде туындайтын азаматтық және коммерциялық дауларға қолданылады деп көзделген. 26 (3) бапта «сотқа тараптардың келісімі бойынша жіберілген» деген сілтеме барлық тараптарға, соның ішінде дауласуға дейін немесе кейін Сот юрисдикцияларымен келіссе, АХҚО-да тіркелмеген тараптарға да қолданылады.

29. Ыңғайлы болу үшін төменде мен АХҚО Соты Регламентінің 26-бабының 1-тармағы мен АХҚО

Конституциялық Заңының 13-бабы арасындағы тұжырымдардағы кейбір аздаған айырмашылықтарға қарамастан, бұл екі ереженің мәні бірдей болуы тиіс және олардың әсері бірдей болуы керек деген негізде, АХҚО Соты Регламентінің 26-бабының 1-тармағына жүгінемін.

30. Modtech бұл жағдайда юрисдикцияны белгілеу үшін 26 (1) (a) немесе (d) бапқа сүйенбейді. Бұл жағдайда даулар АХҚО қатысушыларының арасында туындамайтыны (тек Modtech қана АХҚО қатысушысы болып табылады) немесе басқаша түрде (a) шеңберінде туындамайтыны және даулар АХҚО актілерін (г) шеңберінде түсіндірумен байланысты еместігі мойындалады. Назарда 26 (1) (b) және (c) бап.
31. 26 (1) (b) бапқа келетін болсақ, Модтех Талап ету құқығын басқаға беру туралы шарттың 1.4 және 1.8-тармақтарына сәйкес, бұл шарттың тараптары осы шарт бойынша қатынастарды АХҚО құқығы реттеуі тиіс деген келісімге келді деп мәлімдейді. Жоғарыда көрсетілгендей, 1.4-тармақта «олар осы Келісімшарт шеңберінде қабылдайтын барлық іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және «Астана» халықаралық қаржы орталығының заңнамасының талаптарына сәйкес келеді деген тараптардың мәлімдемелері мен кепілдіктері бар»; 1.8-тармақта шартқа енгізілмеген мәселелер бойынша тараптар «Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және «Астана» халықаралық қаржы орталығының заңнамасын басшылыққа алады» делінген. Ибраев мырза Талап қою құқығын басқаға беру туралы шарт істі АХҚО Сотының юрисдикциясына беру мақсатында АХҚО заңы әдейі таңдалып жасалды деп сендірді. Ол осы юрисдикцияның оң артықшылықтарына, сондай-ақ Mosston мен Fameway арасында бар қарым-қатынастардағы юрисдикцияға қатысты қандай да бір айқын негіздердің жоқтығына иек артты. Ол Талап ету құқығын басқаға беру туралы шартта Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ АХҚО құқығына сілтеме АХҚО құқығындағы кейбір олқылықтарға байланысты, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелетін валюталық операцияларға қатысты олқылықтарға байланысты жасалғанын айтты.
32. Бұл мәлімдемелер бірқатар қиындықтарға кезігіп отыр. Біріншіден, олар тек Mosston компаниясына қарсы талап қоюға ғана қолданылады, өйткені Талап ету құқығын басқаға беру туралы шарт, мәлімделгендей, Fameway-дің пайдасына Mosston-ға төлеуге жататын нақты өтелмеген борышқа қатысты және Fameway-дің «Қазтехнология» АҚ-қа қатысты қандай да бір құқығы туралы ештеңе айтылмайды.
33. Екіншіден, Талап ету құқығын басқаға беру туралы шарт 26 (1) (b) тармағының шеңберінде «АХҚО заңымен реттелетіні» анық емес. Баптарда АХҚО заңдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен үйлесімділік туралы айтылады. Оларда шарттың Қазақстан Республикасының заңнамасымен емес, АХҚО құқығымен реттелетіні айтылмаған. Менің ойымша, шартты, жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасы реттейді, бірақ менің бұл мәселе бойынша қандай да бір шешім қабылдауым қажет емес.
34. Үшіншіден, 26 (1) (b) баптың қолданылу аясына кіру үшін дау «АХҚО-да жүзеге асырылған және АХҚО құқығына бағынатын» (курсив қосылды) операцияға жатуы тиіс. Ереженің екі бөлігі де қанағаттандырылуы тиіс: дау АХҚО-да орындалатын операцияларға қатысты болуы тиіс және бұл операциялар АХҚО құқығымен реттелуі тиіс. Талап ету құқығын басқаға беру туралы шартты жасау АХҚО-да жүзеге асырылған операциялардың бөлігі болғандығы туралы дәлел өте аз. Мен АХҚО құқығына сілтеме және тараптардың бірінің (бірақ екіншісі емес) АХҚО қатысушысы болғандығы фактісі осы мақсат үшін жеткілікті екендігіне күмәнданамын.

35. Төртіншіден, және бәрінен де маңыздысы, Modtech пен екі жауапкер арасындағы даулар Талап ету құқығын басқаға беру туралы шартпен емес, 7/15 келісімшарт пен 15/45 келісімшартқа сәйкес жасалған төлемдерге және жасалған төлемдерді өндіріп алу үшін бұл шарттардың орындалмауы немесе толық орындалмауы салдарына байланысты. Алайда бұл келісімшарттардың, мәлімделгендей, АХҚО-мен ешқандай байланысы жоқ, АХҚО-да жүргізілген операцияларға ешқандай айқын қатысы жоқ және тең дәрежеде АХҚО құқығымен реттелмейді. Олар АХҚО-да жұмыс басталғанға дейін бар болған; және оларды қандай да бір заң басқарғанымен, ол АХҚО заңы емес. Менің пікірімше, бұл 26 (1) (b) бабының негізінде юрисдикциядан бас тартудың салмақты себебі.
36. Басқаша айтқанда, егер Талап ету құқығын басқаға беру туралы шарт болмаса және егер Mosston мен «Қазтехнология» АҚ-қа қарсы талап қоюды Fameway берген болса, 26 (1) (b) бапқа сәйкес юрисдикцияны белгілеу үшін ешқандай даулы негіздер болмас еді; және Fameway компаниясының Mosston-ға қатысты құқықтарды Modtech компаниясына беруі юрисдикцияға қатысты түбегейлі өзгеше позиция қалыптастыра алмайды.
37. Талап ету құқығын басқаға беру туралы шарттың қолданылуына келетін болсақ, мен сонымен қатар Ибраев мырза Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 341-бабына сілтеме жасағанын атап өтуім керек, онда құқықтарды басқаға беру тұрғысында былай делінген:
- «Егер заң құжаттарында немесе шартта өзгеше көзделмесе, бастапқы несие берушінің құқығы жаңа несие берушіге құқықтың ауысуы кезінде болған көлемде және сондай жағдайларда ауысады. Атап айтқанда, жаңа несие берушіге міндеттемені орындауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ басқа да құқықты, соның ішінде алынбаған сыйақыға (мүддеге) құқықты талап етуге байланысты құқықтар ауысады».
- Алайда, менің пікірімше, бұл ереже істі алға жылжытпайды және юрисдикция мәселесінде Modtech-ке ешқандай көмек көрсетпейді. Бұл ережеде құқықты басқаға берудің нәтижесінде цессионарийге (жаңа кредит берушіге) цедент (алғашқы кредит беруші) пайдаланатын құқықтар берілетіні анық көрсетілген. Бірақ бұл бізді Талап ету құқығын басқаға беру туралы шарт Modtech компаниясын бастапқы кредит беруші Fameway компаниясынан артық позицияға ие етпейді деген ойға қайта оралтады.
38. АХҚО Соты Регламентінің 26 (1) (c) бабына сілтеме жасай отырып, мен бұл іс бойынша даулар «тараптардың келісімі бойынша Сотқа жіберілген» деген қорытынды жасауға ешқандай негіз жоқ екеніне сенімдімін. Тиісті келісімдердің ешқайсысында дауларды АХҚО Сотының шешетіні туралы келісім жоқ. Керісінше, 7/15 келісімшартында төрелік туралы нақты ережелер бар; 15/45 келісімшартында дауларды шешу туралы ережелер жоқ; және Талап ету құқығын басқаға беру туралы шартта да, егер тіпті оның бұл мәселеге қатысы бар болса, дауларды шешу туралы ештеңе айтылмаған. Сонымен қатар тараптардың Соттың юрисдикциясы туралы кейін жасалған келісімі де жоқ.
39. Modtech «Қазтехнология» АҚ-тың дауды Сотқа жіберуге келісімі «Қазтехнология» АҚ-тың Modtech компаниясына 2020 жылғы 28 қазандағы № 619 хатында бар деп мәлімдейді. Хат Modtech компаниясының алдын-ала талаптар бар екі хатына жауап ретінде жіберілген, олардың екеуінде де «12.10.2020 ж. № 8» сілтемесі бар. Modtech хаттарында Mosston мен «Қазтехнология» АҚ арасындағы 7/15 келісімшартқа қатысты дауды шешу үшін «Қазақстандық Халықаралық Төрелік» ЖШС тағайындаған Төрелік комиссиясының 2020 жылғы 4 наурыздағы

шешімі аталған. Төрелік комиссия Mosston келісімшарт бойынша жасаған жалпы сомасы 2,386 922,84 АҚШ долларын құрайтын төлемдерді Mosston компаниясына төлеуге «Қазтехнология» АҚ-ты міндеттеді. Кейін Mosston бұйрықты орындауға атқару парағын алды. Modtech компаниясының алдын-ала талап бар хаттарында бұл берешектің сомасы Modtech-ке Талап ету құқығын басқаға беру туралы шартқа сәйкес табысталғаны мәлімделген және төреліктің шешімі мен атқару парағына сәйкес «Қазтехнология» АҚ-тың төлемді тоқтата тұруы және оның орнына соманы Modtech компаниясына төлеуі талап етілген. «Қазтехнология» АҚ жауабы мынадай:

«Қазіргі уақытта Компания Қазақстан Халықаралық Төрелік сотының 2020 жылғы 4 наурыздағы шешіміне шағымдану ниетімен Соттың 2020 жылғы 6 қазандағы атқару парағын беру туралы шешіміне жеке шағым түсірді...

‘MOSSTON ENGINEERING’ LTD компаниясы жасаған барлық төлемдер 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 7/15 келісімшарт бойынша жасалғанын атап өткіміз келеді.

Сонымен бірге, сізге ‘MOSSTON ENGINEERING’ LTD компаниясынан борыш сомасын өндіріп алу жөнінде сіздің тиісті органдарға, соның ішінде «Астана» халықаралық қаржы орталығына жүгінуге құқығыңыз бар екенін хабарлаймыз».

40. Осы хаттың соңғы абзацында «Қазтехнология» АҚ Modtech-тің тиісті органдарға, АХҚО-ны қоса алғанда, жүгіну құқығына сілтеме жасаудан аспаған. Ол бұл органдардың юрисдикциясына бағынуға келіспеген немесе басқаша жағдайда оларда болмайтын қандай да бір юрисдикцияның оларға берілуіне ұмтылмаған. Сонымен қатар, сөз «Қазтехнология» АҚ-қа қандай да бір талап қою туралы емес, Mosston-нан борышты өндіріп алу туралы болды, және Mosston хат-хабар алмасуға қатыспағандықтан, айтылғандар Mosston-ның позициясына еш әсер ететіндей болған жоқ. Сонымен, хатта «Қазтехнология» АҚ тарапынан да, Mosston тарапынан да Modtech компаниясының олармен дауын АХҚО Сотына жіберу туралы қандай да бір уағдаластықтар болған жоқ.
41. Қорытындылардың толық болуы үшін, мен істі жүргізу жөніндегі нұсқаулардың жобасына жауап ретіндегі «Қазтехнология» АҚ мәлімдемелеріне сәйкес, Төрелік комиссияның шешімінің күшін Алматы қалалық соты 2021 жылғы 12 қаңтарда жойғанын, алайда Mosston бұл шешімге осы күннен бастап 6 ай ішінде шағымдануға құқылы екенін атап өтуге тиіспін. Сонымен, қазіргі жағдайларда Төрелік комиссияның шешімінің бұл талқылауға жеке қатысы жоқ.
42. Ақырында, Ибраев мырза талап арыздарды қарау үшін АХҚО Сотының юрисдикциясы белгіленуі үшін өзінің әртүрлі дәлелдерінің жиынтық әсеріне сүйенуге ұмтылғандықтан, мен дәлелдерді біріктіру олардың жеке әлсіз жақтарын жоймайды немесе менің талдауыма немесе қорытындыма әсер ете алмайды деген пікірімді түсіндіруім керек.

Қорытынды

43. Жоғарыда көрсетілген себептер бойынша, мен Mosston компаниясына немесе «Қазтехнология» АҚ-қа қарсы Modtech компаниясының талап арызына қатысты Соттың юрисдикциясы жоқ деп қорытындылаймын. Менің қорытындымды жүзеге асыру үшін және оған күш беру үшін тиісті мәлімдеме жасап, юрисдикция жоқ болуына байланысты талап арызды қабылдамау қажет деп санаймын.

44. АХҚО Соты Регламентінің 29-бөліміне сәйкес апелляция беруге рұқсат алу туралы кез-келген өтініш, сондай-ақ 26-бөлімге сәйкес шығыстарды өтеу туралы кез-келген өтініш жазбаша түрде берілуі тиіс және олар бойынша шешім құжаттар негізінде қабылданатын болады.

Сот қабылдады,

Өкілдік ету:

Талап қоюшының өкілі Темір Ибраев мырза болды (ABROY Boutique Law Firm).

Бірінші Жауапкердің өкілі Руслан Кубраков мырза болды («Сұңқар» заң компаниясы» ЖШС).

Екінші Жауапкердің өкілі Айжан Қаламбаева ханым болды (штаттағы заңгер, «Қазтехнология» АҚ).